



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады№25/207
20 маусымОблыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy

E-mail: priogazeta@mail.ru



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ «ЖАЙДАРМАН» ОЙЫНЫ БОЙЫНША ӘКІМ КУБОГЫ ӨТЕДІ

Приозерск қаласы өзінің 70 жылдық мерейтойын кең ауқымды мәдени, рухани және қоғамдық маңызы бар іс-шаралар арқылы атап өтуде. Бұл тарихи белес қала дамуының жаңа кезеңін айқындап, оның мәдени өміріне ерекше серпін беріп отыр. Мерейтой аясында ұйымдастырылып жатқан іс-шаралар тұрғындардың белсенділігін арттыруға, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және қоғамдық бірлікті нығайтуға бағытталған.

Солардың ішінде жастар мәдениетінің маңызды алаңы саналатын «Жайдарман» ойыны бойынша өтетін Әкім кубогы ерекше орын алады.

Аталған мәдени шара жас буынның шығармашылық қабілетін шыңдауға, сахналық мәдениетін дамытуға және әлеуметтік ойлау қабілетін арттыруға бағытталған. «Жайдарман» қозғалысы елімізде жастардың тапқырлығы мен креативті ойлауын танытатын маңызды мәдени платформа ретінде қалыптасқан. Биылғы кубоктың ерекшелігі — оның қаланың 70 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі. Бұл жағдай шараның мазмұнын тереңдетіп, оның символдық мәнін күшейте түседі.

Іс-шара 2026 жылғы 27 маусым күні сағат 19:00-де Приозерск қаласының орталық алаңында өтеді. Орталық алаңның таңдалуы мерекенің ашық форматта, қала тұрғындары үшін қолжетімді түрде ұйымдастырылатынын көрсетеді.

Сахна төрінде еліміздің әр өңірінен және қаладан келген танымал әрі белсенді командалар өнер көрсетеді: «Ұлттық ұлан», «КВШ», «Медиа», «Amazonka», «Тіфә-тіфә», «Нектар», «Демал», «СМК» және қала командалары.

Әр команда өздерінің ерекше әзілдерімен, тапқыр ойларымен және сахналық шеберлігімен көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйламақ.

Кештің жүргізушісі ретінде танымал шоумен, көпшілікке белгілі Есен Елеукен шақырылған. Оның кәсіби тәжірибесі мен сахна-

лық мәдениеті кештің жоғары деңгейде өтуіне ықпал ететіні сөзсіз.

Шараға сондай-ақ бірқатар медиа өкілдері мен ақпараттық платформалардың журналистері қатысады деп күтілуде. Олардың қатарында жастар аудиториясына кеңінен танымал «Amazonka» медиа өкілдерінің де болуы жоспарланған. Бұл қала өмірін ақпараттық кеңістікте кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Айта кету қажет, Приозерск қаласының 70 жылдығына арналған мерейтойлық бағдарлама бір ғана іс-шарамен шектелмейді. Жыл бойы мәдени, спорттық және қоғамдық бағыттағы көптеген ауқымды іс-шаралар өткізу жоспарланған. Әрбір іс-шара қала тарихының жаңа парағын ашып, оның дамуына үлес қосуда.

«Жайдарман» кубогы — сол мерейтойлық бағдарламаның ең жарқын әрі мазмұнды оқиғаларының бірі болмақ. Ол жастарды ортақ алаңға жинап, шығармашылық бәсекені дамытуға және жаңа идеялардың қалыптасуына жол ашады. Сонымен қатар көрермендерге рухани демалыс пен көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.

Ұйымдастырушылар тарапынан іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне ерекше назар аударылуда. Қауіпсіздік пен көрермендерге қолайлы жағдай жасау басты басымдықтардың бірі болып отыр. Орталық алаңда мыңдаған көрерменнің жиналуы күтіледі. Кіру еркін форматта ұйымдастырылып, барлық тұрғындарға ашық болмақ.

Қорытындылай келе, алдағы «Жайдарман» Әкім кубогы Приозерск қаласының мәдени өміріндегі айтулы оқиғалардың бірі ретінде тарихта қалары сөзсіз. Бұл кеш қала тұрғындарын ортақ мерекелік рухта біріктіріп, 70 жылдық тарихтың мәнін айшықтай түседі. Осылайша Приозерсктің рухани келбетін танытатын маңызды мәдени оқиға ретінде есте қалмақ.

Абылайханқызы Бақыт

АНТЫҢА АДАЛ БОЛ ЖАС САРБАЗ



Биылғы жылдың маусым айындағы соңғы онкүндігіндігінің жадраған шуақты күндерінің бірінде Приозерск гарнизонында орналасқан 44841 әскери бөлімінің жас сарбаздары салтанатты түрде Әскери ант қабылдады.

Жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынның бетпердесін ашу кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру мәртебесі жас сарбаздар жиыны кезінде жауынгерлік даярлыққа үздік таныған қатардағы жауынгер Ұлықман Әділет Қасымқұлұлына бұйырды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілгеннен кейін жеке құрамға 44841 әскери бөлімінің командирі полковник Дидар Савельев Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сай, Отан алдындағы борышты өтеу кезіндегі Әскери анттың маңыздылығын жеткізді. Лауазымды басшы полковник Дидар Савельев өз сөзінде: «Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-шы бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау — оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» - деп жазылған. Әскери ант қабылдау рәсімі — бұл әрбір жауынгердің Ата заң алдындағы міндетіне адал болуға, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшы тапсырмаларын бұлжытпай орындауға, сондай-ақ өз Отанын қорғауға әрқашан дайын болу керек екендігін білдіреді» - деп, ой түйді.

Бір сызық бойына сап түзеген жас сарбаздар салтанатты түрде Әскери

ант қабылдады. Салтанатты жиында Приозерск қаласының әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы, ҚР Парламент Мәжілісінің 8 шақырылым депутаты және Әлеуметтік — мәдени даму комитетінің мүшесі Нұрлан Әуесбаев, Приозерск гарнизонының Әскери прокуратурасының прокуроры әділет лейтенанты Айгерім Каппасоваға, Приозерск гарнизоны Қарулы Күштерінің ардагері Бижамбеков Сейфолла құттықтау сөз сөйледі. Жас сарбаздар атынан мінберге көтерілген қатардағы жауынгер Сабыралы Дінмұхаммед мен қатардағы жауынгер Коробко Михаил көпшілік алдында өздерінің жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар ата — аналар атынан Штор Сергейдің әжесі Шроо Галина сөз берілді.

Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын соңынан жас сарбаздар өздерінің әскери өмірге бейімделудің алғашқы күндерінде жинақтаған тәжірибелерін көрсетіп, жиналған қонақтарға, ата-аналарға және туған-туыстарына дене шынықтыру дайындығындағы спорттық жаттығу түрлері, жауынгердің қарумен саптық тәсілдері және спорттық қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінің кимылдарын іс-жүзінде көрсетті.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарын толықтырған жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсімінің салтанатты жиыны жоғары деңгейде асқан ұйымшылдықпен өтті.

Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы

«ХАБАРЛАНДЫРУ»

Қалалық мәслихаттың VIII шақырылған депутаттарының кезекті XXXXII сессиясы 2026 жылдың 26 маусымында сағат 16.00-де онлайн трансляциялау арқылы қалалық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді. Сессия күн тәртібімен мына сайтта таныса аласыз: www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-karaganda-priozersk?lang=kk

«ОБЪЯВЛЕНИЕ»

Очередная XXXXII сессия депутатов городского маслихата VIII созыва состоится 26 июня 2026 года в 16.00 часов в зале заседаний городского маслихата с онлайн трансляцией.

С повесткой дня сессии вы можете ознакомиться на сайте: www.gov.kz/memleket/entities/maslihat-karaganda-priozersk?lang=ru

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛА ӘКІМІМЕН
КЕЗДЕСУІНДЕ КӨТЕРГЕН ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
(2026 ЖЫЛҒЫ 11 МАУСЫМ, ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ)

№	Тұрғындармен көтерілген сұрақ	Шешу жолдары	Шешу мерзімі	Жауапты орындаушы	Аяқтау нысаны
1	Исатай Махамбет (жәшіктен): 1) Қаладағы жасыл желектерге зиян келтіретін қараусыз жүрген малға қатысты шаралар қабылдау туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
2	Орынбасар Шерхан (жәшіктен): 1) Қаңғыбас, иесіз иттерге қатысты шаралар қабылдау туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
3	Гвардейская көшесінің тұрғындарынан (жәшіктен): 1) Гвардейская көшесіндегі автомобиль жолын жөндеу жұмыстарының аяқталу мерзімдері туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
4	Байманасова Жанар Кожаметовна (жәшіктен): 1) Көше жарығы бағанасын басқа жерге көшіру немесе оның түнгі уақытта жұмыс істеу уақытын қысқарту туралы, себебі жарық үйге кіретін жәндіктерді тартады	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
5	Балқаш көшесі, 8-үй тұрғындарынан (жәшіктен): 1) Балқаш көшесі, 8-үйдің артындағы құрылыс материалдарының қалдықтарын жинауға көмек көрсету туралы	Құрылыс материалдарының қалдықтарын жинау жұмыстарын жүргізу	01.11.2026ж.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Ақпарат
6	Достық көшесі, 16-үй тұрғындарынан (жәшіктен): 1) Үй шатыры астындағы су ағар жүйесінің бір бөлігінің болмауы салдарынан жаңбыр және еріген қар сулары үйдің іргетасын шайып кету мәселесі туралы	Тұрғындармен жиын өткізіп, қолданыстағы заңнама аясында тиісті шаралар қабылдау	10.07.2026ж.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Ақпарат
7	Достық көшесі, 16-үй тұрғындарынан (жәшіктен): 2) Достық көшесі, 16-үй ауласындағы кәріз құдығы люгінің қанағаттанарлықсыз жағдайы туралы	Кәріз құдығының люгін жөндеу жұмыстарын жүргізу	01.08.2026ж.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Ақпарат
8	Достық көшесі, 16-үй тұрғындарынан (жәшіктен): 3) Достық көшесі, 16-үй тұрғындарының ауласына сыртқы жарықтандыру шамдарын орнату туралы	Тұрғындармен жиын өткізіп, қолданыстағы заңнама аясында тиісті шаралар қабылдау	10.07.2026ж.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Ақпарат
9	Қалдыбай Мұқағали (жәшіктен): 1) ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімі аумағындағы қираған ғимараттарды бұзу (сүру) бойынша шаралар қабылдау туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
10	Қалдыбай Мұқағали (с ящика): 2) О решении кадрового вопроса в городской больнице	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
11	Мухатаева Р. Д. (жәшіктен): 1) Қоғамдық қызметкерлердің жалақысын көтеру туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
12	Трифенова Наталья Викторовна: 1) Қаланы газбен қамтамасыз ету мәселесін шешу туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
13	Карпенко Алексей Николаевич: 1) Космонавтар көшесі, 5-үйдің шатырын жөндеу мәселесінің ұзаққа созылуы және оны жою (жөндеу) мерзімдері туралы	Космонавтар көшесі, 5-үйдің шатырын жөндеу жұмыстарын жүргізу	01.09.2026ж.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Ақпарат
14	Карпенко Алексей Николаевич: 2) Космонавтар көшесі, 5-үйдің электрмен жабдықтау жүйесін жөндеу қажеттілігі туралы	Космонавтар көшесі, 5-үйдің электрмен жабдықтау жүйесін жөндеу жұмыстарын жүргізу	01.10.2026ж.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Ақпарат
15	Карпенко Алексей Николаевич: 3) Космонавтар көшесі, 5-үйдің баспалдақ алаңдары мен аралықтарын нығайту қажеттілігі туралы.	1. ҚР заңнамасы аясында ықтимал шешу жолдарын қарастыру. 2. Космонавтар көшесі, 5-үйдің баспалдақ алаңдары мен аралықтарын нығайту жұмыстарын жүргізу	01.10.2026ж.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Ақпарат
16	Карпенко Алексей Николаевич: 4) Космонавтар көшесі, 5-үйдегі балалар ойын алаңын жөндеу қажеттілігі туралы	Космонавтар көшесі, 5-үйдегі балалар ойын алаңын жөндеу жұмыстарын жүргізу	01.09.2026ж.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Ақпарат
17	Календарова Фариза Жайылханқызы: 1) Абай саябағындағы ескі сахнаны жастардың мәдени және шығармашылық іс-шараларын өткізу үшін жөндеу және жаңғырту туралы	Абай саябағындағы ескі сахнаны жөндеу жұмыстарын жүргізу	20.07.2026ж.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Ақпарат
18	Примбетов Медет Ерболұлы: 1) Жекпе-жек спорт секциясына қатысатын балалар санының артуына байланысты спорт залын кеңейту үшін қосымша қаржыландыру бөлу туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
19	Омаров Ерлик Салимұлы: 1) Күрес, бокс және жеңіл атлетика бойынша қосымша залдар ашу туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
20	Верещагин Алексей Николаевич: 1) «Алтын жағажай» аумағына санитарлық-гигиеналық құрылғы орнату туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
21	Яброва Людмила Александровна: 1) Қалалық автобустың қозғалысына сағаттық кесте енгізу туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			
22	Яброва Людмила Александровна: 1) Тұрғын үйлерді пайдалану қағидаларын бұзу туралы	Халықпен кездесу барысында түсініктемелер берілді			

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ, ПОДНИМАЕМЫЕ НАСЕЛЕНИЕМ
ГОРОДА ПРИОЗЕРСК НА ВСТРЕЧЕ С АКИМОМ ГОРОДА
(11 ИЮНЯ 2026 ГОДА, ГОРОД ПРИОЗЕРСК)

№	Поднимаемый вопрос	Пути решения	Сроки решения	Ответственный исполнитель	Форма завершения
1	Исатай Махамбет (с ящика): 1) О принятии мер в отношении бродячего скота, приносящий урон зеленым насаждениям в городе	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
2	Орынбасар Шерхан (с ящика): 1) О принятии мер в отношении бродячих, безхозных собак	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
3	От жителей улицы Гвардейская (с ящика): 1) О сроках завершения ремонтных работ автомобильной дороги по ул.Гвардейская	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
4	Байманасова Жанар Кожаметовна Бульвар Жеңіс, д. 28, кв.12 (с ящика): 1) О перенесении опоры уличного освещения либо сокращении время её работы ночью, так как свет привлекает насекомых, которые проникают в дом	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
5	От жителей ул.Балқаш, 8 (с ящика): 1) Оказание помощи в уборке остатков строительных материалов за домом ул. Балқаш, 8	Провести работы по уборке остатков строительных материалов	01.11.2026г.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Информация
6	От жителей ул. Достық, 16 (с ящика): 1) О проблеме отсутствия части водостока под крышей дома, из-за чего дождевые и талые воды подмывают фундамент дома	Провести сход и принять меры а рамках действующего законодательства	10.07.2026г.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Информация
7	От жителей ул. Достық, 16 (с ящика): 2) О плохом состоянии канализационного люка во дворе Достық, 16	Провести работы по ремонту канализационного люка	01.08.2026г.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Информация
8	От жителей ул. Достық, 16 (с ящика): 3) Об установке наружного освещения во дворе жителей ул. Достық, 16	Провести сход и принять меры а рамках действующего законодательства	10.07.2026г.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Информация
9	Қалдыбай Мұқағали (с ящика): 1) О принятии мер по сносу разрушенных зданий на территории воинской части МО РК	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
10	Қалдыбай Мұқағали (с ящика): 2) О решении кадрового вопроса в городской больнице	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
11	Мухатаева Р. Д.(с ящика): 1) Об увеличении заработной платы общественных работников	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
12	Трифонова Наталья Викторовна: 1) О решении проблемы обеспечения города газом	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
13	Карпенко Алексей Николаевич: 1) О затянувшемся решении проблемы с ремонтом крыши дома Космонавтов, 5 и сроках её устранения	Провести работы по ремонту кровли Космонавтов, 5	01.09.2026г.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Информация
14	Карпенко Алексей Николаевич: 2) О необходимости ремонта системы электроснабжения дома Космонавтов, 5	Провести работы по ремонту системы электроснабжения Космонавтов, 5	01.10.2026г.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Информация
15	Карпенко Алексей Николаевич: 3) О необходимости усиления лестничных площадок и пролетов дома Космонавтов, 5	1. Рассмотреть возможные пути решения рамках законодательства РК 2. Провести работы по усилению лестничных площадок и пролетов Космонавтов, 5	01.10.2026г.	Т.Айдарханов Д.Татибеков	Информация
16	Карпенко Алексей Николаевич: 4) О необходимости ремонта детской игровой площадки Космонавтов, 5	Провести работы по ремонту детской игровой площадки Космонавтов, 5	01.09.2026г.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Информация
17	Календарова Фариза Жайылхановна: 1) О ремонте и модернизации старой сцены в парке Абая для проведения молодежных культурных и творческих мероприятий	Провести работы по ремонту старой сцены в парке Абая	20.07.2026г.	Т.Айдарханов А.Каскатаев	Информация
18	Примбетов Медет Ерболович: 1) О выделении дополнительного финансирования на расширение спортивного зала в связи с увеличением количества детей, занимающихся в секции единоборств	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
19	Омаров Ерлик Салимович: 1) Об открытии дополнительных залов для борьбы, бокса и легкой атлетики	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
20	Верещагин Алексей Николаевич: 1) Об установке СГУ на «Золотом пляже»	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
21	Яброва Людмила Александровна: 1) О введении почасового графика движения городского автобуса	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			
22	Яброва Людмила Александровна: 1) О нарушении правил эксплуатации жилых здании	Даны разъяснения в ходе проведения встречи с населением			

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін маңызды мәселелердің бірі. Ол халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетіп, әділдік қағидаттарының бұзылуына әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып саналады.

Мемлекет Басшысының 2025 жылғы 30 маусымдағы №927 Жарлығына сәйкес, еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты үйлестіру міндеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігіне жүктелген.

Бүгінде Агенттік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда заң үстемдігін нығайту және адалдық қағидаттарын ілгерілету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бастамалар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, азаматтардың құқықтық санасын арттыруға және мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін күшейтуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында екі негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Оның бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жасау болса, екіншісі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін сыртқы талдау белгілі бір саладағы немесе мекемедегі заңбұзушылыққа себеп болуы мүмкін осал тұстарды анықтауға бағытталған. Талдау нәтижесінде кемшіліктерді жоюға арналған нақты ұсынымдар беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мемлекеттік органдардағы қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңнаманың сақталу деңгейі мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау көрсеткіші сараланады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда түсіндіру және ағарту жұмыстарының маңызы зор. Осы бағытта қоғам белсенділерінен құралған ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер, жастарға және квазимемлекеттік сектор өкілдеріне арналған семинар-

лар, кездесулер мен акциялар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында олардың қатысуымен 60-тан астам іс-шара өткізілді.

Аталған кездесулер адалдық мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау мен заң талаптарын түсіндіруге бағытталған.

Сонымен қатар елімізде мемлекеттік аппаратты жетілдіру бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Президенттің мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлығы аясында шешім қабылдау үдерістерін жеңілдету, артық құжат айналымын қысқарту және цифрлық технологияларды кеңінен енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының мерзімінің аяқталуына байланысты алдағы бес жылға арналған жаңа тұжырымдама жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Осыған орай мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен жаңа тұжырымдамаға ұсыныстар енгізу мақсатында бірқатар кездесулер өткізілуде.

Іс-шаралар барысында жаңа тұжырымдама жобасының негізгі басым бағыттары таныстырылып, қатысушылар өз ой-пікірлерімен бөлісіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды ұсыныстарын білдірді.

Өз кезегінде, аталған стратегиялық құжатқа қатысты ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз болған жағдайда, оларды Департаментке жолдауларыңызға болады.

Бұл жұмыстар мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, ашықтық пен әділдік қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Ф.Касимова,
МҚІА Қарағанды облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының басшысы

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті қызметінің маңызды бағыттарының бірі. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – мемлекеттік қызметтердің сапалы, уақытылы және заң талаптарына сәйкес көрсетілуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызмет алу барысында азаматтар кейде негізсіз бас тарту, құжаттарды қарау мерзімінің бұзылуы немесе қызмет көрсету тәртібінің сақталмауы сияқты мәселелерге тап болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда Департамент тарапынан өтініштер қаралып, қашықтықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс шаралары жүргізіледі. Әрбір өтініш бойынша заңнама талаптарының сақталуы жан-жақты зерделеніп, азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған нақты шаралар қабылданады.

2026 жылы Департамент тарапынан 103 азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Бұл нәтижеге азаматтардың өтініштерін қарау, жоспардан тыс тексерістер жүргізу, сұрау салу және қашықтықтан бақылау шаралары, сондай-ақ Telegram-бот арқылы түскен хабарламаларды қарау нәтижесінде қол жеткізілді. Заң бұзушылықтар негізінен жер қатынастары, сәулет, білім беру және көлік салаларында анықталған.

Мысалы, мемлекеттік қызмет алушының шағымы негізінде жер учаскесіне құқық беру мәселесі бойынша аудан әкімдігінің шешіміне жоспардан тыс тексеріс жүргізілді. Тексеру барысында жер заңнамасы талаптарының сақталмағаны анықталып, Департамент тарапынан тиісті шаралар қабылданды. Нәтижесінде азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді.

Мұндай мысалдар мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрақты бақылаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Себебі әрбір өтініштің

артында нақты азаматтың мәселесі, уақыты және заңды мүддесі тұр. Сондықтан мемлекеттік органдардың қызмет көрсету кезінде заңдылықты, ашықтықты және азаматқа бағдарланған тәсілді сақтауы аса маңызды.

Азаматтардың құқықтарын қорғауда цифрлық құралдардың да маңызы артып келеді. Соның бірі – EgovKzBot2.0 Telegram-боты арқылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты өтініш, шағым немесе ұсыныс жолдау мүмкіндігі. Бұл құрал азаматтарға мемлекеттік органға бармай-ақ, смартфон арқылы өз мәселесін жеткізуге жағдай жасайды.

Боттың тиімділігі – оның қолжетімділігінде. Егер азамат мемлекеттік қызмет алу барысында негізсіз бас тарту, мерзімнің бұзылуы, артық құжат талап ету немесе мемлекеттік органның әрекеті не әрекетсіздігі бойынша қиындыққа тап болса, тиісті өтінішін осы арна арқылы жолдай алады. Мұндай цифрлық тетіктер мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық бақылауды күшейтіп, азаматтардың құқығын жедел қорғауға мүмкіндік береді.

Егер мемлекеттік қызмет алу барысында құқықтарыңыз бұзылды деп есептесеңіз, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне немесе EgovKzBot2.0 Telegram-ботына жүгінуге болады.

Азаматтардың құқықтарын қорғау – тек заң талаптарын орындау ғана емес, сонымен бірге халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтудың маңызды шарты. Сондықтан Департамент бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастырады.

Г. Медеуова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы

Хабарландыру!

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ келесіні хабарлайды:

Қарағанды облысы бойынша Экология департаменті Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 130 бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес, «Ер-Тай» ЖШС-нің 2026 жылғы 15 маусымдағы № KZ75RYS01780426 материалдары бойынша ақпарат «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ресми интернет-ресурсында орналастырылғанын хабарлайды. Аталған ақпаратпен төмендегі сілтеме арқылы таныса аласыздар:

- 1.<https://www.gov.kz/memleket/entities/karagandapriozersk/documents/details/1029388?lang=kk>
- 2.<https://www.gov.kz/memleket/entities/karagandapriozersk/documents/details/1029388?lang=ru>

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTUBEK JARŞYSY		
Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.» Бас редактор: Исатай М.А. Техникалық редактор: Исатай М.А. Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5. Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды. Тапсырыс №25/207, Таралымы:500 дана, пішімі: А3	Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35 Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35 Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.